

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 желтоқсандағы N 1333 Қаулысы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар ормандарды молықтыру және оларды өрттерден қорғау, орман қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, орман өсімдіктерінің тектік қорын сақтау, сондай-ақ киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау, қалпына келтіру және олардың санын есепке алу үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен шарттар жасасуды; осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын бөлінген ақша қаражатының оңтайлы және тиімді пайдаланылу қағидатын сақтауды; осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1333 қаулысына

қосымша

Ормандарды молықтыру және оларды өрттерден қорғау, орман қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, орман өсімдіктерінің тектік қорын сақтау, сондай-ақ киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау, қалпына келтіру және олардың санын есепке алу үшін 2006 жылы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды берушілер мен қызметтерді көрсетушілердің тізбесі

| | | | |
|--|--|----------------------------------|--|
| | | Жұмыстарды беруші мен қызметтер- | |
|--|--|----------------------------------|--|

| P/c N | Жұмыстарды беруші мен қызметтерді көрсетушінің атауы | ді көрсету- шінің орналасқан жері | Жұмыстар мен қызметтердің атауы |
|----------|---|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қазорманавиақорғау" РМҚК | Алматы қ. | Ормандарды өрттерден, зиякестер мен аурулардан қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар |
| 2. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Жасыл аймақ" РМК | Астана қ. | Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын құру |
| 3. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қазгипроорманшар" РМК | Алматы қ. | Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағын, ормандарды өртке қарсы жайластыруды жобалау |
| 4. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" РМҚК | Алматы қ. | Орман орналастыру және аңшылық ісін ұйымдастыру жұмыстары, орман қорын есепке алу |
| 5. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Алматы орман селекциясы орталығы" РМҚК, "Көкшетау орман селекциясы орталығы" РМҚК | Алматы қ. Щучинск қ. | Тұрақты орман тұқымы базасын қалыптастыру |
| 6. | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Охотзоопром" ӨБ" РМҚК | Алматы қ. | Киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін қорғау, қалпына келтіру және олардың |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК